



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№5 (1364)  
23 маусым  
2008 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



## АСТАНА:

## Қазақстан және Елбасының триумфы



Астана - егемендіміздің еңсесін рухтандырып, өресін өрлетті. Еліміздің жасампаз жаңашылдығы мен тәуелсіз таңын төрткүл дүниеге танытты. Арман қала ақиқатқа айналды. Әлемді тербеген ертегі болды. Сұлулығына көз тойдырып, көңілді марқайтты. Астанамыздың серпінгі дамуы – гербес елдігіміздің гара дүниетанымын, Қазақстанның орасан мүмкіндігі мен сәулеттік талғамдағы үздік үлгілерін дүние жүзіне паш етті. Астана атағы жер жаһанды шарлады. Сол арқылы қазақ елінің мерейі арта түсті. Бүгінде 10 жылды тарих қойнауына тапсырып отырған елорданың қарымды талпынысы болашақта бұл қаланың әлемдегі ең үздік 30 қала төріне көтерері сөзсіз.

Еліміздің бас қаласы Астананың мерейтойы – қазақ жерінің әлем алдындағы өз мүмкіндігі мен асу қамалдарды бағындырар беделін танытар жауапты кезеңі. Бас қаланың мерейтойын асқақтату жалпыұлттық жауапкершілікті жүктейді. Егеменді елдігіміздің тәуелсіздігі мен дербестігі, ұлылығы мен ұлықтығы осы мерейтой арқылы көрініс табары шындық. Данышпан қазағымның жүктің жеңіл болуы жұмыла көтерген жәрдемде деген жылы сөзі осындай жауапты шараға арналса керек. Ендеше ел жүрегінің лүпіл үні шарықтай түсуі үшін барша қазақ пен қазақстандықтар бұл мерейтойдан тартынбауы қажет. Бұл ниет бүгінде өз көрінісін байқатып та үлгерді. Мәселен еліміздегі әр облыс ару Астанаға

арнап өз қолтаңбасын қалдыру шараларын бастап кетсе, қала мен еліміздегі арнаулы мекемелер, қызмет орындары ел Астанасының он жылдық мерейтойына арналған сый-құрметтерін жүзеге асыруда. Тәуелсіз еліміздің бейнесін байытып, көрінісін көркейтуге өз тарапынан үлес қосып жүрген еліміздегі жоғары оқу орындарының қаймағы, қасиетті қарашанырақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де аламан болса тұлпар жарыстырмай қалмайтын әдеті бойынша Астананың 10 жылдық мерейтойын атаусыз қалдыруы өсте мүмкін емес. Аталған университет ел өркеніеті мен мәдениетіне қосар еңбегінен бұл жолы да аянып қалмады. Осы орайда аталған университет 23 маусым күні Ө.А.Жолдасбеков

атындағы Студенттер сарайында “НұрОтан” ХДП, Алматы қаласының әкімдігі және “Хабар” агенттігінің бірігуімен Астананың 10 жылдығына арналған “Астана: Қазақстан және Елбасының триумфы” атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді қолға алды. Конференцияға еліміздегі зиялы қауымдармен қатар депутат, министр, әкім, профессорлар келіп қатысады. Сонымен қоса еліміздің атаулы мерейтойына арналған басқосуға шетелдік ғалымдар мен профессорлар да келеді. Олар өз тілек-лебіздерімен бірге Астана қаласына арналған тұжырымды ой-пікірлерімен бөліспек.

Тағы бір айтарлығы, бұл басқосуда ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұлов, Алматы қаласының әкімі А.С.Есімов, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ж.К.Түймебаев, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің жетекшісі Қ.Н.Келімбетов, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, философия және саясаттану факультетінің деканы В.В.Миронов, Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі М.М.Тәжин, Астана қаласының әкімі И.Н.Тасмағамбетов, Қазақстан Республикасы конституциялық Кеңесінің төрағасы И.И.Рогов сынды қайраткерлер Астананың 10

жылдығына арналған құттықтау лебіздерін жеткізеді. Бүгінгі мерекеге мойын бұрмас бұрын кешегі күнге көз жүгіртсек... 1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы” жарлығын шығарды. Бұдан кейін қарт Алматы жас қалаға “Елордалық тағын” аманат етіп, батасын берді. 1998 жылдың шілдесіндегі Қазақстанның жаңа Елордасы- Астана деген атауға ие болды. (Жалғасы 3-бетте)

## ҚазҰУ-дың төрінде журналист түлектер бас қосты

Маусым айындағы Журналистер мейрамына орай, ҚазҰУ-дың төрінде Қазақстандық ақпарат құралдарының бас редакторларымен арнайы кездесу өтті. «Адам мен қоғамның интеллектуалдық дамуындағы БАҚ-тың рөлі мен маңызы» атты жиында журналист шеберлерігін шындау, дамыту мәселесі сөз болып, біраз басым бағыттар алға қойылды. БАҚ-тың 50-ге тарта бас редакторлары бас қосып, халқы үшін еңбек етер журналист мамандарын дайындаудың ерекше жолдарын ұсынды. Басқосудың беташарын жасаған ҚазҰУ-дың ректоры Бақытжан Жұмағұлов: « Бізде баршасы 7000-ға жуық студенттер қауымы білім алууда. Университетімізде 1000-ға тарта доктор, кандидат бар, ал қызметкерлер саны 4500,



барлығы 26000 қызметкер білім шаңырағын шайқалтпай өз қызметтерін адал атқарып келе жатқан жайы бар. Жастар санаты бұрынғы жастардан аспаса, кемшін тұстары көрінбейді. Ел егемендігінің еңселі жолында алғыр жастар болғаны біз үшін қуаныш емес пе?! Қарап отырсақ журналистің де жұмысы оңай емес. Ақпарат құралдарын басқарудың өзі біршама қиындықтар туғызатыны белгілі. Бүгін барлықтарыңыздың бастарыңызды қосып, жинап отырған себебім, өздеріңізге дайындалған беташарымыз да бар. Адам еңбегі өз кезегінде бағалана білуі абзал. Ендігі кезекте, «Болашақ жастарды қалай дайындау керек?» деген сұрақ баршамыздың көкейімізде тұрған болар. Сондықтан ойды ой жетелеген тұста, нақтылықты жеңе білейік» деген пікірді ортаға тастады. (Жалғасы 2-бетте)

**БҮГІНГІ САНДА:**

**РӘМІЗ – ЕЛ РУХЫНЫҢ ӨРЛІГІ**



2-бет

**БАҚ – РУХАНИ ӨМІР БАСТАУЫ**



6-бет

**ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС – БІР ЖЫЛҒЫ АЗЫҚ**



7-бет



Кездесу

# ҚазҰУ-дың төрінде журналист түлектер бас қосты

(Соңы. Басы 1-бетте)

Одан кейін сөз алған профессор, филология ғылымдарының докторы, журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып. «Ұстаз бақыты – шәкірттерінің кезкелген БАҚ өкілдігінен көрініп, халқының қалаулысы болуы. Республиканың қай түкпіріне барсаң да біздің ұлттық университетті бітірген түлектер алдымнан шығады. Бүгінде 7000-нан астам БАҚ бар. Соның тең жартысы біздің қарашанырақтан, десем қателеспеймін. Өткен 90 жылдардың кезеңімен, бүгінгі күндегі студент

шәкірттерінің білімді болғаны анағұрлым қажет болмақ».

Міне бұл бір ғана журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақыптың шәкірттеріне деген ризашылығынан туған ықыласы. Басқосуға жиналған редакторлар жеке-жеке сөз алып, жиын соңында қарар қабылдады. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының интеллектуалдық және ғылыми қауымдастықпен өзара байланысының бағыттары, қоғамдық және демократиялық құндылықтарды қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі мен маңызын талдап, талқылау барысында дөңгелек

лар, ақпарат агенттіктері) тарихы мен үрдістерін оқыту, осы мақсатта олардың тәжірибе мектебін үйрететін студенттердің таңдап оқитын курстарын ұйымдастыру.

3. Журналистерді дайындаудың стандарттарын БАҚ менеджменті мен маркетингі, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени мәселелерді талдау, болжау және мониторинг жүргізу, инновациялық технологиялар бойынша жаңа курстар енгізу арқылы өзгерту.

4. ҚР БАҚ бас редакторларының өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басшылығымен, оқытушыларымен, студенттерімен кездесуін дәстүрге айналдыру және оны Баспасөз күні қарсаңында өткізу, сонымен бірге өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дамуына үлес қосқан үздік БАҚ пен журналистерді ынталандыру.

5. Практик журналистерді БАҚ үшін маман даярлау үрдісіне тарту, жоғары білімнің дамуы, адам мен қоғамның интеллектуалдық болашағы туралы көпшілікті тұрақты ақпараттандыру мақсатында өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінде ҚР БАҚ бас редакторларының қоғамдық клубын құру.

6. өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 75-жылдық мерейтойына үздік журналистік еңбектердің байқауын жариялау туралы бастамасына қолдау көрсету.

7. Білім беру саласындағы реформалар мен ғылыми-техникалық жетістіктер туралы жазылған үздік жұмыстарға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жыл сайынғы сыйлығын бекіту. Жеті белесті бағындыра отырып, қабылданған қарардың маңызы осындай. Бұл басқосу БАҚ саласының алдағы алар жетістіктерін дамытып, бәсекеге қабілетті маман даярлауда ұжымдасып қызмет етуге тын бастама болды.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА.



жастарды салыстыруға болмайды. Қазақ журналистикасының тамырын тереңге тартып жүрген шәкірттер Америка, Британия секілді мемлекеттерде де қазақ елін насихаттап жүр. Бұл білімге, мамандыққа деген ынталықтың, ұмтылыстың белгісі. Шәкірт тәрбиелеуде «Отымен кіріп, күлімен шығып жүрген» ұстаздар екені даусыз. Журналистерді шындейтын мектеп – газет, телеарна, журналдар болып табылады. Республикалық «Айқын», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті» сияқты басылымдар біздің студенттерді шындауда, жетістігімізді бағалап отыр. Егер де бәсекеестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосыламыз десек ұлттық университет

үстел қатысушылары - өл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы, БАҚ бас редакторлары төмендегідей қорытындыға келді:

1. Шығармашылық байланыстарды нығайту мақсатында республиканың танымал журналистерінің өмірі мен публицистикалық қызметі туралы «Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ – түлектер шығармашылығында» атты ұжымдық альманах шығару.

2. БАҚ бас редакторларының шеберлік кластарын ұйымдастыру, публицистикалық және редакторлық қызмет, журналистік шеберлік, ҚР БАҚ дамуының (газет-журналдар, телерадиокомпания-

Конференция

Мамыр айының 30 жұлдызында ҚазҰУ-дың филология факультетінде «Қазақ және орыс тілдерін оқытудың жаңа бағыттары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Республикамыздың әр облысынан тіл мамандары келіп, қазақ және орыс тілдерін үйретудің жаңаша әдіс-тәсілдері аясында тәжірибе бөлісті.



## Тілді дамытудың бір тәсілі – коммуникация құралын қолдану

Филология факультетінің ұйымдастыруымен өткен бұл конференция қазақ және орыс тілдерін оқытып үйретуде жаңа технологияны пайдалану, сонымен бірге тіл үйретудің кейбір мәселелері аясындағы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерге тоғысты. Аталған факультеттің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Әбдешұлының пікірінше мұндай тәжірибе алмасу шараларын университетіміздің үш жылға арналған даму стратегиясының басты талаптары деп қарастыруға болады.

Ал ғылыми бас қосуға арнайы келген С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушысы М.Ж.Хусаинованың баяндауынша, қазіргі қоғамды ілгері дамытудағы негізгі факторлардың бірі – ақпараттандыру. Мұның өзі білім сапасын талап етеді, өйткені ақпараттық технологияны жетік білмеу, ғылымның және әлеуметтік жағдайдың дамуына кедергі келтіреді. Осыған орай, білім беру жүйесінде ақпараттандыру, жаңа технологияларды қолдану жұмыстары жедел қолға алынып жатыр. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесі де жаңа инновациялық технологиялар мен жаңаша әдіс-тәсілдермен толықтырылуда. Маманның айтуынша, кәсіби лексиканы меңгеруде электронды оқу құралдарын, пошта, мультимедиа, вебкамера, теледидар, DVD құралдарын қолдану студенттің сөздік қорын молайтуға жаңаша әдіс ретінде пайдаланылуы мол болмақ. Ал педагогика ғылымдарының кандидаты ҚМЭБИ оқытушысы Л.К.Ерменбаева қазақ тілін мультимедиа құралдары арқылы оқыту мәселесінің маңыздылығы жайына тоқталып өтті.

Оқытушы баяндамасына ХХІ ғасырдың мұғалімдері студенттерді ескі әдіспен үйрете алмайды. Бізге келетін білімгерлер бізден әлдеқайда ілгері. Сол үшін ұстаздар заманауи техника тілін жетік меңгеруі қажет деген мәселелерді арқау етті.

Ғылыми-теориялық конференциядан белгілі болғандай жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды оқыту барысында белсенді қолдану қажет. Бұл үрдіс бүкіл әлемнің білім беру жүйесінің алдында тұрған аса маңызды мәселелердің бірі. Сонымен бірге жиында келген мамандар тест тапсырмаларының дұрыс үйлесуі мен шығармашылық композициясының нәтижесіне көңіл бөлу, студенттерді, психологиялық ерекшеліктерімен санасу сияқты жауапты жұмыстардың сапасын жақсарту керек деген ұсыныстарды ортаға салды. Конференция соңында тіл үйрету барысында оқытушылардың біліктілігін арттырып, техникалық құралдарды шебер меңгеруі үшін компьютер, проектор, сканер, қадаскоп, принтер сияқты техникалармен жұмыс жасауды үйрететін курс ашу ұйымдастырылсын деп мақұлданды. Және де жаңа ақпараттық технологияларды енгізудің тиімділігін арттыру үшін «Бизнес класс», «Шеберлік класы» сабақтары жүйелі өткізіліп тұруы керек деген шешім қабылданды. Сонымен бірге университет көлемі бойынша компьютер құрылғысына мультимедиялық бағдарламалар енгізу жұмыстарын назардан тыс қалдырмау керектігі айтылды.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

Дөңгелек үстел

## Рәміз – ел рухының өрлігі

3 маусым күні Студенттер сарайындағы Рухани орталықта университеттің өзін-өзі басқару ұйымдары Астана қаласының 10 жылдығы мен Қазақстан Республикасының рәміздері күніне арналған «Тәуелсіздік – тұғырым, Астана – алпын бесігім» атты дөңгелек үстел өткізді.



көкте желбіреген тұғырымыз, Елтаңбамыз – елдік пен өрліктің, Өнұранымыз – әуеленген жырымыз болғаны, бізге үлкен мақтаныш. Тәуелсіздіктің тұрпаты тыныштық жолында. Ол жаңарған қазақ елінің еңселі тұсы. Осыған орай ұйымдастырылған «дөңгелек үстел» бағдарламасында философия тарихы және мәдениеттану кафедрасының доценті Лесхан Асқар «Мемлекеттік рәмізде – ұлттық рухтың мәні», тарих факультетінің тәрбие жұмысы жөніндегі деканның орынбасары Жұмаділ

Арман «Қазақстан Республикасы рәміздерінің семантикасы» атты тақырыптарда баяндама жасады. Студенттер тобынан, халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенті Бекзат Дүйсеубиева, география факультетінің 2 курс студенті Айбек Зурбаев, филология факультетінің 1 курс студенті Индира Әндірова өз ойларын ортаға салып, ХХІ ғасырда тәуелсіздіктің байрағын жықпай, отанымыздың ұландары екенін дәлелдеді.

Өз тілшімізден

Обмен опытом

В 2002 году согласно договору между КазНУ им. аль-Фараби и университетом г. Ланчжоу (КНР) при КазНУ им. аль-Фараби был открыт Центр Китайского Языка. В декабре 2007 года в Пекине состоялась Вторая Международная Конференция Института Конфуция по вопросам сотрудничества Институтов Конфуция в разных странах, в ходе которой было подписано соглашение об открытии Института Конфуция на базе КазНУ им. аль-Фараби.

## Открытый урок китайского языка

В рамках работы Института Конфуция КазНУ им. аль-Фараби в весенний семестр 2008 года на факультете востоковедения КазНУ им. аль-Фараби прошёл открытый урок для студентов 1 курса китайского отделения. Урок был проведен старшим преподавателем Шанхайского финансово-экономического университета, преподавателем Института Конфуция КазНУ им. аль-Фараби госпожой Liu Renpan. Занятие было очень интересным и познавательным как для студентов, так и для преподавателей. Последние могли наблюдать методику преподавания китайского языка для начинающих изучение. Госпожа Liu Renpan заранее написала план урока на доске, говорила медленно и ясно, подбирая простые слова, понятные и понятно курсникам, которые были очень довольны тем, что понимают речь, так как многие впервые общались с носи-

телем языка так близко. Урок проводился по учебнику «Новый объект», знакомый студентам. Были разобраны слова и текст.

Также преподаватель провела беседу на свободную тему по принципу «вопрос-ответ». Учащиеся были оживлены и проявили достаточную активность. Данное занятие показало хорошую подготовку студентов и их любовь к изучению языка.

На втором уроке госпожа Liu Renpan рассказала со студентами песню на китайском языке.

Занятия прошли в приподнятой, дружеской атмосфере. И студенты, и преподаватели сошлись во мнении, что госпожа Liu Renpan провела занятия на высоком уровне.

Преподаватель кафедры китайского языка факультета востоковедения Нуржаева Сауле Аскарровна.

■ Мерейтой

# АСТАНА - Қазақстан және Елбасының триумфы

Бас қала Астананың халықаралық деңгейде тұсауы кесілді. Бұл салтанаттан кейін көп уақыт күттірместен Астана қаласы ЮНЕСКО-ның “Бейбітшілік қаласы” наградасын еншіледі.

Ел астанасын көшіру дүние жүзі тарихында көп кездеседі. Мәселен XIX ғасырда Финляндия Астанасын Туркуден Хельсинкиге, Норвегия Тронхеймнен Ослоға, Үндістан Колькуттадан Делиге өз Елордасын көшірген екен. Ал көрші Ресей елінің астанасы екі рет ауысса, Қытай көршіміз алты рет көшіріп үлгерген. Бүгінде Анкарасы астана болып табылатын Түркияның 1923 жылғы астанасы Ыстамбұл болғаны белгілі. Тарих парактарын ақтарсақ астананың ауыстырылуы аз емес. Бұл үрдіс біздің елімізде де көрініс тапқан. Мемлекетіміз дербес ел болмас бұрын алғашында ел астанасы Орынбор, одан кейін Қызылорда, соңынан Алматы қаласы болғандығы тарихтан таныс. Бірақ бұл кезеңдер тарих сахнасының төрінде сақталды. Ал бүгінде Астана қаласы қазақ жерінің бірлігі мен татулығын, тірлігі мен тынысын тоғыстырып жас та болса бас болып тұрған елордасына айналды.

Бейбітшілік қаласын бүгінде қиял-ғажайыпқа толы ертегі дерсіз. Астана өлемдік таңданысты тудырып, дүниежүзілік қызығушылыққа ие болды. Өзінің қайталанбас келбеті арқылы сұлу сырбаз бен көркем аруды елестетіп, қала қонақтары мен шетелдік меймандардың таңдайын қақтырды. Жүріп өткен он жылдық тарихында Астана қаласы ізденімпаз білгірлер мен небессүйгіш жастардың қаласына айналды. Сонымен бірге жас қала еліміздің элиталы топтары мен жанашыл көзқарастардың тоғысқан ордасына да Астана бола білді. Осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен өткен сұхбатында: “Елордамызды Арқа төсіне көшірген 10 жылдан астам уақытта қала халқы 3 есеге өсті. Бас қала халқының орташа жасы – 32 жыл екендігін ескерсек, онда Астана сәулеттік жағынан ғана емес, тұрғындардың жасы бойынша да өлемдегі ең жас ел астанасы екенін бағамдауға болады” деп Елорданың өмір тынысына тоқталып өтті. Сонымен қатар, Елбасы 2010 жылға қарай Астана тұрғындарының саны 1 миллионға жетіп қалуы да мүмкін деген үмітін де жасырмады. Ел басшысының айтуынша, соңғы 10 жылда қаланың жалпы өнім көлемі 17 есеге өссе, елордаға тартылған инвестиция көлемі 20 есеге ұлғайып, 400 миллиард теңгеге жеткен екен. Қазақстан Астана салу арқылы өзінің мүмкіндіктеріне қол жеткізді. Астана елдің жаңаруының символына айналған. Бұл қалалағы құрылыс нысандары арқылы ұлттық сәулеткерлік өнері қарыштап дамыды, шетелдік және заманауи сәулет қазақ жерінде де қоныс тепті. Бәйтерек, Президенттің мәдени орталығы, Ақорда, Қазмұнайгаз кешені, Министрлер үйі, Хан шатыры нысаны, Пирамида, күміс өуезі аспанға шапшыған гүлзар бағы көз тұсаған Бас алаңының құрылым жүйесі сәулетшілердің шабытты қиялын дамытты. Ару шаһарды өсем өнерімен өрлеу жұмыстары, Астананы айшықтаған сәулетшілер Шокан Матайбеков, Серік және Қайрат Рүстембековтар, Жандарбек Мәлібеков, Нұрмахан Тоқаев сияқты бірнеше есімдерді атауға болады. Естүімізше Астананың сәулеті бірнеше стилдің басын біріктіреді. Олар батыстың хай-тек стилі, шығыстың феншуй стилі, қазақтың дәстүрлі киіз үй тектес стилдері

болып табылады. Жас қала қолтаңбасы ғасырға ұласатын айшықты көркем мәнерге толы туындылар болып табылады.

Алдағы уақытта ару қала келбеті тіптен өсемдене түспек. Астана қаласының бас сәулетшісі С.Смайылұлының “НұрАстана” газетіне берген мәліметінде әр облыстың ару қалаға арнаған ескерткіш-сыйлықтарының қырсыры туралы айтылған. Облыс сәулетшілерінің сый-сияпаттары нәтижесінде дала ажары арта түсіп, тұрғындар мен қала қонақтарына арналған тынығу аймақтары көбеймек. Бас қаланың 10 жылдығына арналған облыс ескерткіштері Батыр Бауыржан, Жыр алыбы – Жамбыл, Әлия батырдың монументі, гүлзарларды күрделі жөндеуден өткізу, қала ауласын ретке келтіру, көшелерді көгалдандыру, түрлі-түсті жарықтандыру шамдарын орналастыру, жолды асфальттау, тротуар плиталарын жаңарту, субұрқақтарды жөндеу, мереке қарсаңындағы құрылысы аяқталатын бірнеше көпір, ғимараттар, “Хан Шатыр”, “Абу Даби Плаза” кешендері мен 30 мың орынға арналған жабық стадион, 10 мың орындық велотрек, 3500 орындық киноконцерт залы тағы да басқа игі шаралар мен құрылыс нысандары ел ордасының ажарын ашып, көркіне нұр қоспақ. Және тілге тиек ететін келесі құрылыс жұмыстары қала күніне дейін аяқталып, қолданысқа берілуі қажет. Олар тәуелсіздік сарайының жанынан бой көтеретін “Қазақ елі” монументі. Бұл монумент Елорда мен еліміздің даңқын асқақтатар құрылыс болмақ. Елордамыздың көрінісін асқақтатар ертегі кейіпкерлеріндегі батырлар монументі балалар қиялының дамуына тигізер септігінің мол екендігін де мамандар айтып қалып жатыр. Осылайша астананың 10 жылдық құрметіне жасалынып жатқан сый-тартулар мен қонақ кәдесі түрлі деңгейде, қайталанбас талғаммен қала келбетін ажарландырмақ. Аталған шаралардан басқа да әлі талай ғимараттар мен бірнеше көпір құрылыстары қала мерекесінде қолданысқа еніп, пайдалануға берілемек. Алайда қала көркейіп жатқанымен өлі де болса атқарар істің, атқарылған іске қарағанда саны басымрақ көрінеді. Бұл сөзге орай Н.Ә.Назарбаев: “Астана – бүгінде Қазақстандық брэндтердің бірегейі. Бас қаланың он жылдығы – елордамыздың тұңғыш мерейтойы. Ол – жалпыұлттық мереке. Осы мерекені ойдағыдай өткізу арқылы біз айдай өлемге Қазақстанның бүгінгі биігін келісті етіп көрсете аламыз” деген шешім айтты. Сондай-ақ, әрбір астаналық өзінің Елорда келбеті үшін жеке жауапкершілігін сезінуі тиіс. Қаланың атауына тұрғыны да сай болу керек. Астананың байлығы – халқы. Бұл депке көшелер мен көліктер, жарнама мен жарық, мектептер мен қызмет көрсету орталықтары, емхана мен тұрғын үй де елорда атына сай болуы басты міндет деп жүктеді. Мұндай шаралар болашақтың, ертеннің еншісінде. Ал кешегі мен бүгінгі Астананың жетістіктері қандай, мәдениеті мен даму тарихының жол өрімдері қалай қалыптасқан. Қай ісімізге шүкір деп, қандай кемшілікті түзеуіміз керек. Осы сынды бірнеше тақырып аясында ой-тұжырымдар Студенттер сарайында 23 маусым күнге жоспарланып отырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның барысында кеңінен талқыланбақ. Бұл конференция:

1) Астана жетістіктері. Білім беру, мәдениет



және даму тарихы;

2) Астананың 10 жылдығы: әлеуметтік және экономикалық жетістіктері;

3) Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық стратегиясы: жетістіктері мен перспективалары атты секциялар бойынша жұмыс атқармақ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі **Я.Ә.Дубәкіров** – Нұрсұлтан Назарбаев: Астана триумфы; “Орсэй” Париж университетінің профессоры **К.Дойч** – Париж және Астана – Франция мен Қазақстан халықтарының мәдени және ғылыми символдары; Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, саясаттану ғылымдарының кандидаты **А.Б.Самақова** – Нұрсұлтан Назарбаев – Егеменді Қазақстан мен жаңа Астананың негізін қалаушы; “Онтүстік Корей Республикасының Қазақстан Республикасындағы жоғары мәртебелі Төтенше және өкілетті елшісі **Ким Иль Су** – Сеул – Астана: болашаққа жол ашу; «Еуразиялық монитор» Халықаралық зерттеу агенттігінің коммерциялық емес әріптестігінің атқарушы директоры, «ЦИРКОН» зерттеу орталығының директоры (Мәскеу қаласы) **И.В.Задорин** – Президентке сенім білдіру - халықтың әлеуметтік өзін-өзі сезіну факторы ретінде; Үндістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі **А. Саджьянхар** – Үнді-қазақ қарым-қатынасы; Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым Ұлттық академиясының академигі **Ғ.Е.Есім** – Астана: идея және шындық; Қытай халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы жоғары мәртебелі Төтенше және өкілетті елшісі **Ч.Сянь** – Олимпиада алауы эстафетасы – Астана мен Пекин, Нұрсұлтан Назарбаев пен Ху Цзиньтао достығының триумфы; аға оқытушы **А.Қ.Жұмалин** – Астана – қазақстандық дамудың жаңа үлгісі; филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.Ө.Жақып** – Қытай баспасөзі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы; тарих ғылымдарының докторы, профессор **С.К.Қозыбаев** – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Еуразия кеңістігінің көшбасшысы; тарих ғылымдарының докторы, профессор **К.Н.Мақашева** - Н.Ә.Назарбаевтың интеграциялық бастамалары; саясаттану ғылымдарының кандидаты, доцент **З.С.Ғайпов** – Астана әлем кіндігінде; тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **А.С.Балапанова** – Н.Ә.Назарбаевтың Орталық Азия аймағында интеграциялық бірігуді дамыту жөніндегі ұсыныстары сияқты тақырыптарын конференция тақырыбына арқау етпек. Бұл үлкен алқалы

жиында аты аталған ғылымдардан басқа да баяндамашылар конференция тақырыбына орайластырылған пікірлерін ортаға салмақ.

Астана күніне сай ұйымдастырылып отырған конференцияға ҚазҰУ-дың бірінші проректоры **З.А.Мансұров** өз пікірімен былай деп бөліседі: “Астана мерейтойы – бұл бүкіл халықтық мереке. Бұндай кең көлемді мейрамды тәуелсіз Қазақстан алғаш рет атағалы отыр. Бұл Астананың 10 жылдығы біздің еліміздің экономика, ғылым және білім саласында қарқынды дамуына түрткі болды. Астана қаласының қарыштауына ҚазҰУ да өз үлесін қосып келеді. Бұл шаңырақтың көптеген түлектері Президент өкімшілігінде, Үкімет, Парламент үйінде қызмет етіп жатқандығын зор мақтанышпен айтуға болады. Алғашқы еңбек жолын қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-да бастап, бүгінде Евразия университетінде жетекші маман болып еңбек етіп жүрген профессор, академиктерді ерекше екпінмен атағым келеді. Сол үшін де Қазақ ұлттық университетіне бұл мерекенің еш бөтендігі жоқ”.

Міне, 10 жылдық тарихында таудай-таудай тақырыптарға арқау болған еліміздің Астанасы әлі де бірнеше том кітап болып қатталатындығы хақ.

Тұңғыш мерейтойында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жобасымен жаңа төлтанбаға ие болған Астанаға бұл белгі береке әкелсін дегіміз келеді. Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қала әкімі **И.Н.Тасмағамбетов** бас қаланың жаңа рөміздеріне жете тоқталып, қыр-сырымен таныстырды. Бас қаланың төлтанбасының іші мен сырты сақинадан құралған шенбер түрінде келеді. Бір-бірімен өзара үйлесім тапқан қос шенбер өміршең даму мен мәңгіліктің белгісі. Негізгі элемент – байтерек пен шаңырақтың біріккен түрі. Бұл көркем байланыс қазақтың даму бағытын айғақтаса, Бәйтерек – төрткүл дүниені құшағына сыйғызған алып ағаш. Ол – тамырын кенте жайған тіршілік бейнесі. Шаңырақ – әлем кеңістігінің бір нүктеге тоғысуы. Бәйтеректегі “құсқанағы” оюы – Самұрық құсына ұқсастықты білдіреді. Бәйтерек пен шаңырақтың астанқан бейнесі қазақтың өргі-бергі тарихының қуәсі. Сақина ұлы даланың терең тарихын білдірсе, қызыл түс – ерлік пен жеңістің жанғырығын, көшпенділердің батырлығын суреттейді. “Бөріккөз” оюы – түркі тектес халықтардың жебеушісі, қолдаушысы. Аспан тектес көгілдір рең ұлттық болмыстағы тәуелсіздік идеясының мәні мен мағынасын бейнелейді деп ырымдалған. Ендеше ырым мен мән мағынаға толы таңбалар Астана келбетінің көркейе түсуіне көмек болсын деген тілек айтамыз. Өз сөзінде ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: “Астана – біздің еліміздің ең негізгі өрлеу жобасының бірегейі. Елорданың 10 жылдық мерейтойын абыроймен атқаруымыз керек. Бұл – таза Қазақстанның қаласы. Қазақтың Астанасы” деген болатын.

Астананың мерейтойы – Қазақ елінің бірлік, татулық мерекесі. Бас қаламыз басқа қалаларға бағдар болмай. Елбасы айтқандай бұл мереке бүкіл Қазақстанның дамуына жаңа қарқын беретін жалпыұлттық маңызды шара. Сондықтан бұл онжылдық ел бірлігін асқақтатып, қазақ ұлты мен қазақстандықтардың бойындағы ел ертеніне деген сенімін арттырып, болашағына бақыт өкелер бейбітшілік мерекесі болмай демекпіз.



**P.S.**

Айтпақшы, жақында қабылданған шешім бойынша, 6 шілде “Астана күні” күнтізбегегі Қазақстан Республикасының ресми мерекелерінің қатарын толықтырды.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА



Тағылым

Мамыр айының 28 жұлдызында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өзінің жас әріптестері қалашығымыздың студенттері және аспиранттары арасында өзара кездесу өткізді. Бұл кездесу анау-мынау емес жастарымыздың университет қабырғасында білім алып, ел мәдениеті мен саясаты жолында терең ауызбіршілік орнату жолын қарастырады. Университеттің студенттер қауымымен кездесуді ректор бірінші орындалатын міндеттердің қатарына қосып, зор маңызға ие етті.



# Ректор мен студенттер арасындағы ашық әңгіме



Кездесудің басында ректор студенттер өмірімен етене танысысы келетіндігін, оларды қандай мәселелер мазалап, алдарына қандай мақсат-міндеттер қойғандығын, жалпы көкейлеріндегі сұрақтарын ірікпей қоюға шақырды. Зал толы студентті ашық әңгімеге шақырып, қандай мәселе болса да шешімін табатындығына уәде берді.

Студенттер алдында ректор Б.Т.Жұмағұлов мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың еліміздегі жетекші университет Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға ерекше көңіл бөліп қамқорлық жасайтынын, оның барлығы да бәсекеге қабілетті мамандар дайындаудың қамы екендігін жеткізді. Сондықтан студенттердің басты міндеті — жақсы оқып, білікті маман болу. Бүгінде 150 жоғарғы оқу орынындағы іргелі ғылыми зерттеулердің 50 пайызы Әл-

Фараби атындағы ҚазҰУ-дың еншісіне тиесілі екен. Бұл дегеніміз еліміздің маңдай алды университеті басқа жоғары оқу орындарымен бәсекелесіп қана қоймай, әлемдік университеттер деңгейіне ұмтылуы тиіс деген сөз. Ал студенттер болса осындай жетекші университетте білім алғандарын әр кез мақтан тұтып, соған лайықты болулары қажет. Біз үшін ең маңыздысы өздерінің білім нәрімен сусындап жүрген оқу орны, оқу сапасы, университеттің барлық бөлімшелерінің жұмысы туралы сіздердің ой-пікірлеріңізді білу. Ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңіз оқу-тәрбиелік үрдісті әрі қарай жетілдіруге пайдалы. Сондықтан бұл пікір алмасу кешінде ешқайсысымыз да іштен тынып қалмайық. Барымызды бардай, жоғымызды жоқтай ұқсатып, әрбірін сараптай білуге тырысайық деп ашық ой тізгінін ағытты.

Кездесуде Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі Жұлдыз Сүлейменова мен “Сұңқар” студенттер кәсіподағының төрағасы Ғалымжан Серім алғашқы болып өз ойларын ортаға салды. Жастар жағы да еркін әңгіме барысында өз ойларын ірікпей жеткізуге тырысты. Студенттік қоғамдық бірлестік жетекшілерінің, студенттік мәслихаттар мен сенат, жатақханалардағы студенттік кеңес, студенттік кәсіподақ басшыларының, сонымен қатар «еркін микрофоннан» сөз алған жастардың айтар ойлары өзектілігімен ерекшеленді. Олар жатақханалар төңірегінде

қордаланған мәселелер, отбасылы студенттер, студенттік асханалардағы тамақ сапасы, түнгі уақыттағы студенттер қалашығындағы жарықтың жетіспеушілігі мен кейбір қызмет көрсету түрлері, стадионды қазіргі заман талаптарына сай ету мен Ыстықкөлдегі спорттық-сауықтыру лагеріндегі демалыс, өндірістік тәжірибе мен журналистика факультетіндегі радиостудия сапасы төңірегіндегі сұрақтарын университет басшысына жеткізді. Ректор жоғары оқу орны үшін де, қоғам үшін де қауіпті дерт — жемқорлыққа баса мән беретіндігін жеткізді. Ол бұл келеңсіз құбылыстың орын алуына көп жағдайда студенттердің өзінің кінәлі екендігін айта келіп, кейбір өз күшімен оқығысы келмейтіндер бағаны «сатып алуға» тырысып, кей жағдайларда өділ, ұстанымдары берік ұстаздарына қара күйе жағудан тайынбайтынын сынға алды. “Бірақ жастар бір мәселені дұрыс түсінуі керек, бүгінгі күні маңыздысы — дипломдардың саны емес, білімнің сапасы және маман ретіндегі біліктілігімен шыңдалмақ. “Бармақ басты көз қыстылықтан” аулақ болсақ жегі құрттарға желінбесіміз анық. Ал шын мәнінде баға сатудан «көзге түскен» оқытушыларға қатаң шара қолданылады, тіпті олардың «рейтингі» ашық жариялануы мүмкін. Содан кейін олар университеттен ғана емес, жалпы жоғары оқу орындары жүйесінен аластатылады”, — деді ректор Бақытжан Жұмағұлов.

Университет басшысы студенттердің қойған сұрақтарының ішіндегі ең өзектілеріне, тез арада шешуді қажет ететіндеріне толыққанды жауап берді. Мәселен, жаңа оқу жылынан бастап студенттік асхана жаңа режимде жұмыс істеп, өздерінің қызмет сапасын жақсартатын болады. Ал осы кешеннің үшінші қабатында өткізу жылдамдығы жоғары 100 компьютері бар Интернет-кафе ашылады. Келесі оқу жылында студенттердің киім жуатын жерлері мен сауда орталықтары, кинотеатр мәселелері шешіледі. Ректор жауапты құрылымдарға екі аптаның ішінде университет қалашығындағы кешкі мезгілдегі жарықты ретке келтіруді тапсырды. Сонымен қатар, университет басшысы ең үздік 300 студентке жеңілдетілген және 50 студентке тегін Ыстықкөлге жолдамасын берді. Сондай-ақ, ол студенттерге КВН командасын күшейтуге кеңес берді. Басқа да білім ордасының кемшін тұстары мен көкейде тұрған сауалдарын, ой-пікірлерін студенттер ректордың жеке бұрыш жөшігіне немесе университет сайтындағы [rector@kaznu.kz](mailto:rector@kaznu.kz) электронды поштасы арқылы жолдауға болады. Кездесуге қатысушылардың барлығы да ректормен арадағы ашық әңгімеге ризашылықтарын білдіріп, студенттік өмірдің қызықты әрі мағыналы болуына барлығы бірдей атсалысатындықтарын жеткізді.

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ.

Тұғыр

## Тіл мен тәрбие тұтастығы

**Тіл адам баласының ғана емес, ұлттың халықтың, қоғамның, мемлекеттің болмысын айқындайтын бірегей құбылыс. Рухани құндылықтар қатарында тіл ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталатыны белгілі.**



Адамзатқа ізгіліктің дөнін сеуіп, ұтымды ойы мен ұшқыр тілі арқылы жарық әлемінің қымбат құпияларын сезіп, өмір мұхитының сарқылмас сырын түсінетін болашақ математик, ғарышкер, технолог, экономист, заңгерлер, өз ісі мен тірлігінде сөз өнерінен алған даналық мәйегін талай күрмеуі қиын күрделі мәселелерді шешу барысында пайдаланатыны анық. Көркем сөздің көсем шебері, тілдің ғасырлар бойы жиналған саф алтындай сарқылмас қазынасын игеру барысында шыңдалады. Еліміздің қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде жариялаған Конституциясына сәйкес тіл саясатының басым бағыты мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Еліміздің бас қаласы Астанада Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен “Болашақ” бағдарламасы степендианттарының форумы болп өтті. Форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан дамуының алғышарттарын және оны жүзеге асыруда “Болашақтықтардың” айрықша маңызды орын алатынын атап өтті. Бүгінде өз жемісін бере бастаған игі бастаманың бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы маңызы орасан зор. Қазірдің өзінде президент әкімшілігінде “Болашақ” бағдарламасының бірнеше түлегі қызмет атқарып жүр. Президент “Интеллектуалды ұлт — 2020” ұлттық жобасын талқылауға ұсынды. Осы жобаны жүзеге асыруда негізгі үш бағытты атап көрсетті: білім жүйесін инновациялық жолмен дамыту, қуатты ақпараттық

серпіліс жастардың рухани тәрбиесі. Елбасының қадап айтқан жастарға рухани тәрбие беру мәселесі еліміздің көшбасшы оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады. Себебі университетте өзге оқу орындарында кездесе бермейтін өзгеше құрылым “Жастар рухани орталығы” жұмыс істейді. Жастар рухани орталығының жастарды біріктіріп, ізгі бастамаларға ұйытқы болуда маңызы зор. Еліміздің ертенін ойласақ, онда — рухы биік, арманы асқақ жасындай жарқылдаған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Ғылым мен білімнің шырағын жаққан данышпан Әл-Фарабидің “Адамға алдымен білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз алған білім адамзаттың қас жауы” деген қағидасын

университетіміздің тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры: “Ең басты құндылығымыз — ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен сапалық қасиеттері, адамгершілік негіздерінің деңгейі кейінге ысыратын шаруа емес. Ол — біздің ертенгі болашағымыздың кепілі” — деп сабақтады.

Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын емес, ана тілінде сауаттануын, содан барып өзге, айналық, орыс мәдениетіне, тіліне қол созуы керектігін айтқан. Елдің сенімді болашағы ана тілінің нәрімен, халқының рухани құндылықтармен сусындаған перзенттері екендігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Осы мақсатта Елбасы “Болашақ” бағдарламасының степендианттары шетелде білім алу барысында қазақ ортадан ажырамас үшін Халықаралық бағдарламалар Орталығының негізінде Әлем тілдері мектебін құруды және олардың мемлекеттік органдарда, ұлттық компанияларда, ғылыми институттарда тәжірибеден өтуіне мүмкіндік жасауды ұсынды.

Тіл мен тәрбие бір-бірінен ажырамас біртұтас бүтін дүние. Тіл тарих тереніне бойлататын, өнер мен мәдениеттің көусар бұлағына сусындатын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Болып табылатындықтан тәрбиемен тығыз байланысты. Мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейтуде университет айтулы істер атқаруда. Мемлекеттік тілді университетте өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану үшін әр түрлі

мәдени іс-шаралар өткізіліп келеді: университет көлемінде “Менің Қазақстаным” фестивалі аясындағы “Мемлекеттік тіл — менің тілім” атты өзге ұлт өкілдері арасында студенттік ғылыми конференция ұйымдастырып, өткізу дәстүрге айналды. Сондықтан да, университетіміздегі мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында университет бөлімдеріндегі, факультеттердегі тағы басқа іс-қағаздардың, бланктер (оқу әдістемелік бөлімнің, кеңсе, қаржы-экономикалық басқарманың, өндірістік-шаруашылық бөлімнің, кадр бөлімінің және т.б.) ішкі хат алысу (ақпараттық хабарламалар, хабарландырулар, қызметтік хаттар, ұсыныстар, мінездемелер, тапсырыстар, жылдық есептер) сыртқы хат алысу. Сыртқы хат алысу адресаттың тіліне байланысты жазылады; ресми құжаттар (қаулылар, шешімдер, кадрлар бөлімі мен студенттер бөлімінің бұйрықтары, ережелер, хаттамалар, т.б.) қалыптасуы, қолданысқа енуін, дамытуға бағытталған жұмыстарға ақпараттық, насихаттық т.б. қолдау жасау тілдерді дамыту бөлімінің алға қойған негізгі жұмысы болып табылады. Еліміздің мемлекеттік көрсеткіші — мемлекеттік тілдің рөлін арттыру. Ендеше мемлекеттік тілдің рөлін арттыру. Ендеше мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту барлық мүмкіндіктер жасалып жатқанда нағыз намыс пен жауапкершіліктің уақыты туды деп ойлаймын.

Н.Ә.ТӨЛЕЕВА,  
Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы



**2008 жылы Әл-фараби атындағы ҚазҰУ азаматтарды магистратураның төмендегі мамандықтарына қабылдайды**

(күндізгі оқу түрі)

Код	Мамандық атауы	Оқу мерзімі
<b>Механика-математика факультеті</b>		
6N0601	Математика	2
6N0602	Информатика	2
6N0603	Механика	2
6N0703	Ақпараттық жүйелер	2
6N0705	Математикалық және компьютерлік модельдеу	2
<b>Физика факультеті</b>		
6N0604	Физика	2
6N0605	Ядерлік физика	2
6N0611	Астрономия	2
6N0723	Техникалық физика	2
<b>Химия факультеті</b>		
6N0606	Химия	2
6N 0112	Химия (біл.)	2
6N0720	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	2
6N0721	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	2
6N0734	Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы	2
<b>География факультеті</b>		
6N0609	География	2
6N0610	Гидрометеорология	2
6N0902	Туризм	2
<b>Биология факультеті</b>		
6N0804	Балық шаруашылығы	2
6N0607	Биология	2
6N0113	Биология (біл.)	2
6N0701	Биотехнология	2
<b>Журналистика факультеті</b>		
6N0504	Журналистика	2
6N0422	Баспа ісі	2
<b>Тарих факультеті</b>		
6N0203	Тарих	2
6N0208	Археология және этнология	2
6N0114	Тарих (біл.)	2
6N0422	Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау	2
<b>Филология факультеті</b>		
6N0207	Аударма ісі	2
6N0205	Филология	2
<b>Философия және саясаттану факультеті</b>		
6N0503	Психология	2
6N0501	Социология	2
6N0907	Әлеуметтік жұмыс	2
6N0206	Дінтану	2
6N0204	Мәдениеттану	2
6N0201	Философия	2
6N0502	Саясаттану	2
<b>Халықаралық қатынастар факультеті</b>		
6N0302	Халықаралық құқық	2
6N0202	Халықаралық қатынастар	2
6N0505	Аймақтану	2
<b>Заң факультеті</b>		
6N0301	Құқықтану	2
<b>Экономика және бизнес факультеті</b>		
6N0506	Экономика	2
6N0507	Менеджмент	2
6N0511	Маркетинг	2
6N0510	Мемлекеттік және жергілікті басқару	2
6N0509	Қаржы	2
6N0508	Есеп және аудит	2
6N0115	Экономика және құқық негіздері	2
<b>Шығыстану факультет</b>		
6N0505	Аймақтану	2
6N0207	Аударма ісі	2
6N0209	Шығыстану	2
6N0210	Шетел филологиясы: қытай, жапон, араб, парсы, корей, түрік, үнді тілі	2
<b>Жалпы университеттік магистратура</b>		
6N0608	Экология	2
6N0103	Педагогика және психология	2



**В 2008 году КазНУ им. аль-Фараби осуществляет прием граждан на следующие специальности магистратуры**

(очная форма обучения)

Код	Наименование специальности	Срок обучения
<b>Механико-математический факультет</b>		
6N0601	Математика	2
6N0602	Информатика	2
6N0603	Механика	2
6N0703	Информационные системы	2
6N0705	Математическое и компьютерное моделирование	2
<b>Физический факультет</b>		
6N0604	Физика	2
6N0605	Ядерная физика	2
6N0611	Астрономия	2
6N0723	Техническая физика	2
<b>Химический факультет</b>		
6N0606	Химия	2
6N 0112	Химия (образов.)	2
6N0720	Химическая технология неорганических веществ	2
6N0721	Химическая технология органических веществ	2
6N0734	Химическая технология взрывчатых веществ и пиротехнических средств	2
<b>Географический факультет</b>		
6N0609	География	2
6N0610	Гидрометеорология	2
6N0902	Туризм	2
<b>Биологический факультет</b>		
6N0804	Рыбное хозяйство	2
6N0607	Биология	2
6N0113	Биология (обр.)	2
6N0701	Биотехнология	2
<b>Факультет журналистики</b>		
6N0504	Журналистика	2
6N0422	Издательское дело	2
<b>Исторический факультет</b>		
6N0203	История	2
6N0208	Археология и этнология	2
6N0114	История (обр.)	2
6N0422	Музейное дело и охрана памятников	2
<b>Филологический факультет</b>		
6N0207	Переводческое дело	2
6N0205	Филология	2
<b>Факультет философии и политологии</b>		
6N0503	Психология	2
6N0501	Социология	2
6N0907	Социальная работа	2
6N0206	Религиоведение	2
6N0204	Культурология	2
6N0201	Философия	2
6N0502	Политология	2
<b>Факультет международных отношений</b>		
6N0302	Международное право	2
6N0202	Международные отношения	2
6N0505	Регионоведение	2
<b>Юридический факультет</b>		
6N0301	Юриспруденция	2
<b>Факультет экономики и бизнеса</b>		
6N0506	Экономика	2
6N0507	Менеджмент	2
6N0511	Маркетинг	2
6N0510	Государственное и местное управление	2
6N0509	Финансы	2
6N0508	Учет и аудит	2
6N0115	Основы права и экономики	2
<b>Факультет востоковедения</b>		
6N0505	Регионоведение	2
6N0207	Переводческое дело	2
6N0209	Востоковедение	2
6N0210	Иностранная филология	2
<b>Общеуниверситетская магистратура</b>		
6N0608	Экология	2
6N0103	Педагогика и психология	2





□ Кафедра

## БАЛАЛЫҚ – БАР БАЙЛЫҚ

Быдырлаған үні мен сүйсіндірген қылығы ашулының райын қайтарып, айналасына қуаныш сыйлар бөбектеріміздің күлкісіне еш көлеңке түспесе екен. Ақ парақ көңілдері өмірдің қызығы мен тартысынан бейхабар балалар мен жетіге жеткенше жерден “таяқ” жейтін жеткіншектердің риясыз жымысына жетер не бар десеңізші!

Періште иісін әлемнің түрлі жұпары алмастыра алар ма. Қазағым базарым да ажарым да – балам дегені қандай бақыт. Ұрпағымның жалғасы, өмірінің өзегі бақ-дәулетім – ақ бөпем деген еркеліктерінен-ақ тәрбиенің тамыры көрініп тұр емес пе. Айналайынымен бірге астарлы өсиетін қатар айтатын ата-бабамның дәстүрі қандай көреген?!

“Баламның табанына кірген шөнге менің маңдайыма қадалсын” деген ана махаббаты әлемге мейірім шашып тұр. “Жақсы өке балаға сыншы” деген мәтелден-ақ асқар әкенің бала болашағына бағдары, алаңы аңғарылады.

Осындай мөлдірлік пен тұнықтықты тамыр қанына құйып өскен ұрпақтың бүгінгі ер жігіті мен бозбаласына адасатындай не күй болды екен? Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған Ұлы қазағым не заман шапқыншылық дәуірінде де шаңырағы шайқалмай, керегесі мығым болған. Ал тәуелсіздік таңы атқан, азат елдігіміз аян болған шақта тасбауыр ана мен қатігез өкенің пайда болуы қалай? Тірідей жетімдер жасын көл қылатындай не күнәға кезікті екен? Қарындасы үшін қасық қанын төгіп, Ұлт намысы үшін ұлылық жасаған ұрпақ жалғасының ұсақталуы неліктен? “Жаным арымның садағасы” деген жауқазын қыздардың қателесуі қалай? Өмір өзегі өз баласын өгейсітулері неде?

1-маусым халықаралық балаларды қорғау күні ел болашағына алаңдайтын Қазақ жұрттын мұңлық ойлар ойландырмай қоймас.

Бірақ... Жақсылық пен мейірім, бейкүнә сәбилердің әсем күлкісі жауыздықты жеңетін жеңіс алыс емес. Кеудесінде Қазақтың намыс қаны ойнаған Тәуелсіз ел жастарының ата-бабаның ақ жолын жалғастыра, берекеді отбасын нығайтар ниеттері озып алда келер. Қазір рухани жұтандық пен байлық арасында үлкен бөсеке көшірі бар. Ақырын жүріп, анық баспаса, рухани байлығымыздан бір сәтте айырылып қаларымыз ақиқат. Сондықтан, ара-жігін ажырата білуіміз керек екенін есте ұстайық.

С.ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

■ Алау

Мамандық – адамның бойына дарыған талантының алға жетелер жанашыры. Өзіңді өзгеге таныту жолында өмірге мойынсұнасың, бар бағыңды бақытқа балайсың. Сен естисің, көресің, жазасың. “Ел құлағы елу” дегендей, алыс-жақыннан хабар күтесің. “Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың” дегендей, бойдағы рухани байлығыңмен етек-жеңіңді жинақтап, барыңды бағалай білер сөт, осы кезең болар. Мен болашақ журналистпін. Ал қазір қатардағы тәлімгермін. “Болашақ” деген сөзден талай баспалдақтар қатарын көреміз. Сол баспалдақ жолымен өрге көтеріліп, мамандығыңның кілтін қол созасың.

# БАҚ – РУХАНИ ӨМІР БАСТАУЫ



Журналист...

Телеарна, баспасөз, радио, бір сөзбен айтқанда БАҚ болып табылады. Жаңаша көзқараспен, тың жаңалықтарды халқына жеткізіп, ел қамын ойлаған журналистер қауымы қай кезде де өресі биік, өр тұлға. “Төртінші билік” иелерінің ұшқыр ойлары, асау теңіздің толқынындай тулайды, шабыттанады, қияға қырандай самғайды. Иненің жасуындай тасадан, өнерімен, шешендігімен журналистке тән шеберлігімен өте білер жастар легінің көбеюі қуантады. Бүгінде қарап отырсақ, телеарна мен радиодан қазақ жастарының қоныр үнін естіп, баспасөз бетінен құнарлы ой желісін оқып, таланттарға таңдай қарасың. БАҚ

тамыры тереңге тартады. “Айтылған сөз, атылған оқпен тең”. Бұл журналистер қауымының басты ұстанымы болмақ. “Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі” деп мағыналы ой айтқан Ахмет Байтұрсынұвтай асқақ рухты ел тізгінін ұстаған зиялылар қауымы жетерлік. Өткен ғасыр өткелінде тұсауын кескен баспасөз бағыты, ұлы көшті адастырмай, бүгінгі ХХІ ғасырдың ғаламдық көгіне шығып келеді. Статистикалық мәлімет бойынша, Қазақстанда 7281 БАҚ бар екен. БАҚ халық игілігі жолында көптеген асуларды бағындырғаны шындық. Отыз тістен шыққан сөзді, отыз руды елге жеткізетін БАҚ қай кезде болмасын өз мұқтажыңын дерлік өтей алады. “Мен жазбаймын

өленді ермек үшін” деп Абай атамыз жырлап өткендей, баспасөз тізгінін ұстаған әр азаматтың айтар ойы көкейге көрік, санаға сабақ болар үлкен дәріс секілді. Ұлы жолдағы “Қазақ”, “Айқап” секілді бағдарлы басылымдар легі толастамай, бүгінде мыңдаған газет беттерін сан ақтаруға болады. Жаңа заман жаңғырығы жасампаздық танытып, баспасөздің бедері күннен күнге айшықтала

түсуде. Техниканың тамыры тереңдеп, алыс-жақын елдермен өзара ықпалдастық орнатып, БАҚ-қа жаңаша үрдіс қалыптастыруымыз үлкен мақсатты ойларға жетелейді. Газет, журнал секілді әр саламен қамтылған баспасөз желісіне бір ауық назар аударсаң, дерлік жас қаламгерлердің шығармалары көрініс тауып, журналистік шеберлік сатысында ілгері дамушылық бар екеніне көзің жетеді. Өзіндік үйлесіммен, мәнді де мағыналы ойлар болашақ жазушы санатына сәйкестендірілгендей. Дала мен қала жұртшылығы ақпарат көзімен сусындап, ойы орамды, көзі қарақты оқырмандар қатары күннен-күнге көбею үстінде. Журналистік шеберлік пен-шекпендіге жабыспақ ем! Бойында талант пен табыс болса, мамандықты көш ілгері байланыстырып, жадында жаңарта алатын рухы биік жандар жетерлік. Журналист қай кезде де тереңнен таразылап, салмақтап, саралап сыры кетсе де, сыны кетпеген ой желісін таразылай алады. Жылдың әр маусымы Журналистер күнімен қауышады. Бұл мереке шығармашылық ізденіс иелерін алғы шептен көрсетіп, шабытты шырқау көктен шақырады. Биыл төл басылымымыз “Қазақ университеті” газеті 60 жылдық мерекесін тойлағалы отыр. Жарты ғасырдан жасы асқан газетімізді мерейтойымен және барша әріптестерімді Журналистер күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ,  
журналистика факультетінің 2  
курс студенті.

■ Алаштан қалған асыл сөз

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

## Газет туралы

«Қазақ» дүниеге келгеннен бері жаттың жаулығынан, жақынның қастығынан құтыла алмай келе жатқаны мағлұм. Жат қанша жаулық қылғанымен, жақын қанша қастық ойлап, ор қазғанымен, «Қазақ» нысымаса жасыған жоқ.

Ауыр жылдарды басынан асырып, қиыншылықтарды басынан қысылмай кешіріп, ұстаған жолымен, бет қойған жөнімен аман-сау әлі бара жатыр. Халық күйзеліп, күйікке түскен жыл жұрттың көз-құлағы болған газетке жеңіл болар ма? Бәрінен қиыны сол болды, желіккендерге газеттің басалқылық айтқан сөзін орысқа сатылғандықтан айтып отыр деп, елді елertушілер газетті елге шағыстырды. Газет қызметі – халыққа бас, көз,

құлақ, тіл болып ұлтының ар-абыройын күзетіп, жұрттың жақсылыққа бастау, жаманшылықтан сақтандыру. Бас-көз, құлақ, тілдің төнге істейтін қызметшілігі бір төрізді. Бастау, көру, істеу, сөйлеу, қуаты жалпы төнде. Жалпы төннің күші жетпейтін орында бастың білгенімен, көздің көргенімен, құлақтың естігенімен, тілдің сөйлегенімен еш нәрсе болмайды. Төннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да екеуі де төрбиемен. Газет жұртқа бас-көз болып, елді

жақсылыққа бастау, жаманшылықтан сақтандыру делінген. Жаманшылық деген шегі-шеті жоқ кең ұғым. Бұл екеуінің біріне қосылмай, жабайы күйде қалатын істер аз. Сондай зор, ауданы кең істі қармайтын газет жұмысының ұлт алдында обал-сауабы да зор. Газет адасса көпті адастырады, жаңылса көпті жаңылдырады. Сондықтан қызметін дұрыс атқарамын деген газет жұртты бастар жерінде жан-жағына қарап, аяғын байқап баспақ, ақыл айтар жерінде ар жақ-бер жағын ойлап, андап сөйлемек. Газетті түрліге түсінетіндер бар. Біреулер ананы-мынаны жазып, қағаздың төрт бетін шұбарлап, тасқа басып шығарса, сол газет болады деп біледі. Екіншісінің газетті түсінуі олай емес. Газеттің ең әуелі белгілеп ұстаған жолы, жұртына арнаған мақсаты, оған бастайтын бағыты жөні

боларға. Екінші, әдебиет тобына жататын нәрсе болғандықтан жазылған сөздер мағына жағынан тәртіпті, сын алдында сымдай боларға тиіс деп біледі. Біз хәм газетті осы соңғысынша түсінеміз. Газет шығарғандағы мақсатымыз қағаз бетін шұбарлап қазақтың ақшасын алу емес-ті. Газеттің басына ақ орда қондырылып, түндігі жарық көруіне еркін ашық қойылып, есігін сыртынан «Қазақ» күзетуі, сөзсіз-ақ, газеттің тұтқан жолы мен көздеген мақсаты не екендігін түсінікті түрде айтып тұр. Мұны жатырқап жат түсінбесе, ғажап емес, бірақ қазақ баласы түсінсе керек. Әлі де түсінбегендер болса, түсінер деген үмітпен «Қазақ» ұлт жұмысының жолындағы бес белден аспаққа бет қойды. Аман-есен асуға жазсын!!!

1917 жыл, №212-213



■ *Өмір салты*

# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС БІР ЖЫЛҒЫ АЗЫҚ

*Жадыраған жаз – күн шуағының молынан төгіліп ағам көңіліне қанат бітірер ерекше жыл мезгілі. Күн райының өзі әсемдігімен ағам сезіміне әсер қалдырып, ерекше күйге бөлейді. Құстардың жарыса салған ғажап әуендері мен самал желге тербелген ағаш қимылдары еріксізден табиғат аясына тартып, күн шуағында серуендеуге елітеді. Әрине бұл демалыс күндерін әркім өзінше жоспарлайды. Бірі әлемдегі әйгілі демалыс орындарына жол тартса, енді бірі самал желі маңдайынан сипап, таза ауасы бетіңнен өбетін ауыл аймаққа ат басын бұрады.*

Жаздық демалысыңызды мейлі ауылда, мейлі Анталияда өткізсеңіз де салауатты өмір салтымен айналысқаныңыз жөн болар. Денсаулықтың кепілі – спорт екендігі есте сақталғаны абзал. Шынықсаң шымыр боласың демей ме. Осы орайда, кең дархан дала мен тартымды табиғатқа бай қазақ жерімізде бірнеше мәдени орындар мен демалыс кешендері, сауықтыру ошақтары бой көтерген. Солардың бірі – Ыстықкөл жағалауындағы спорттық-сауықтыру лагерлері. Тәуелсіз Қазақстаны-

мыз бен Қырғыз елінің арасындағы терең тамырлы туыстық және бейбіт келісімдер мен достық байланыстар нәтижесінде аталған жағалаудан 4 пансионат біздің елдің демалушыларына бұйырғандығын да ерекше атап өтуге болады.

Алатаудың күнге беткейінде, әлемге “Алатау маржаны” атағымен танымал болған Ыстықкөл көлі орналасқан. Көлдің осындай биіктікке орналасуына қарамас-тан, оның суының температурасы қыс мезгілінде де әлдеқайда жылы болып келеді. Бұл Ыстықкөлдің бір

ерекшелігі болып табылады. Ал оны айнала қоршаған әсем табиғат адамның қыдырып, саяхатқа шығып, серуендеуіне өте ыңғайлы. Мейлі көл бетінде болсын, мейлі оған жақын орналасқан шатқалдардың әсем табиғаты ерекше әсер қалдырады. Көлдін солтүстік жағалауында ең таңдаулы орындарының бірі – Бостері кентінде, алқабы 17,4 гектар жерді ала орналасқан ҚазҰУ-дың Спорттық-сауықтыру лагері 1964 жылы құрылып, содан бері үздіксіз қызметін атқарып

келеді. 2000 жылы 360 орынды 5 қабатты жатын корпусы іске қосылды. Лагерь айнала жасыл желек пен гүлдерге оранған. Такталанып төселген жолдар сізді демалыс орындарының қалаған жеріне апарды. Тап-таза, құмды жағалау алыстан қол бұлғап шақырып тұрғандай. Өте ыңғайлы, арнайы дайындалған жиһаздары бар нөмірлерде шаршаған ағзаңыз тыныстап, төтті ұйқыға кетеді. Қонақ үйлі корпус пен коттеждерде сіздерді люкс, жартылай люкс түріндегі жабдықталған екі, үш, төрт орынды нөмірлер күтіп тұр. Сонымен қатар үш мезгіл ыстық тамақ беріледі.

Жыл сайын Ыстықкөл жағалауына келіп, демалушылар саны артып келеді. Жазда университеттің шамамен 1750 оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер және қызметкерлер денсаулығын түзеп, демалып қайтады. Кафедра оқытушыларының жетекшілігімен демалушылар арасында өртүрлі спорттық іс-шаралар, жарыстар, конкурстар ұйымдастырылып тұрады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған эстафеталар ұйымдастырылып, күнделікті ертеңгілік ширату жаттығулары, жүзу сабақтары өткізіледі. Мұнда демалушыларға барлық жағдай жасалған.

Сондай-ақ өкімшілікпен бірлесе отырып кездесулер мен конференциялар жүргізіліп тұрады. Демалушыларға дискотеклуб, сауна, медпункт, жоғары мамандандырылған массаж кабинеті, бильярд, үстел теннисі, автотұрақ қызмет көрсетеді. Суда жүзуге арналған түрлі катамаран, қайық, скутер, парашют бар, банандарға саяхаттап, тамаша демалуға болады. Міне осының барлығы сіздің демалып, сергіп, жаңа күш жинап, қайтуыңызға көмектеседі. Университеттің студенттері үшін ректорат өкімшілігі тарапынан 50 пайызға дейін жеңілдік көрсетіледі. Ал оқытушылар мен қызметкерлерге “Парасат” кәсіподақ ұйымынан 10 пайыздық жеңілдік бар. Биыл екі мемлекет арасында келісім бойынша 4 пансионат ратификацияланды. 49 жылға ұзақ мерзімге жалға берілетін болып шешілді. Соның бірі – Қазақ Ұлттық университетінің спорттық-сауықтыру лагері. Сіздердің жазғы демалыстарыңыздың есте қалатындай жақсы өтуіне лагерь өкімшілігі бар күшін салуға әзір. Денсаулықтың игілігі үшін көңіл көтеріп, рахаттаныңыз!

Талғат ДҮЙСЕНБАЕВ.  
ҚазҰУ-дың ССЛ директоры



■ *Бәсеке*

*1-маусым – Балаларды қорғау күніне орай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жылдағы дәстүр бойынша университеттегі профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің балалар арасында шахматтан олимпиада өтті. Осымен сегізінші рет өткізілген бұл жарыстың мақсаты – университет қызметкерлерінің балаларын үнемі шахматпен айналысуға баулу, Олимпиада қатысушыларының логикалық және талдамалық ойлау жүйесін дамыту, спорттық шеберліктерін жетілдіру, дарынды ұл-қыздарды анықтау болып табылады.*

Жарысқа қатысушы жасөспірімдер алдында сөйлеген сөзінде университеттің “Парасат” кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева балаларды мерекелерімен құттықтап, университет басшылығы қызметкерлерге ғана емес, олардың балаларына да қамқорлық жасап отыратындығын жеткізді. Жарыс жеңімпаздарын, қатысушыларды бағалы сыйлықтар күтіп тұрғанын айтты.

Шахмат клубының меңгерушісі, КСРО спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы А.А. Носков жасөспірімдерді шахматпен үнемі айналысуға шақырды. “Шахматты үнемі ойнау логикалық, математикалық ойлау жүйелерінді қалыптастырады. Тез арада дұрыс шешім қабылдауға баулиды”, - деп қанаттандырды.

Олимпиада қорытындысы бойынша 10 жасқа дейінгі категорияда 1 – орынды Мұқанов Темірлан, 2-орынды Цой Диас, 3-орынды Маликов Айбек, 12 жасқа дейінгі категорияда 1-орынды Шупшибаев Айдар, 2-орынды



Оразалин Жанболат, 3-орынды Қуаныш Альтаир, 14 жасқа дейінгі категорияда 1-орынды Еділ Бекжан, 17 жасқа дейінгі категорияда 1-орынды Оспанова Айнұр, 2-орынды Калмыкова Дарья, 3-орынды Шалдыбек Дулат, 4-орында Карымсаков Олжас иеленді.

Жеңімпаздарды мақтау қағаздары мен арнайы сыйлықтармен марапаттаған «Парасат» кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева мұндай шаралардың болашақта да жалғасын табатындығын айтты.

Өз тілшімізден

■ *Байқау*

## Қауіпсіздік сақтаудың үздіктері анықталды

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еңбеккерлердің жұмыс орындарында алаңсыз болуына, барлық қауіпсіздік шараларының сақталуына зор көңіл бөлініп келеді. Жыл бойы қазылар алқасы университеттің құрылымдық бөлімшелеріндегі еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі бойынша жұмыстардың дұрыс жолға қойылуын түбегейлі тексеріп, сарапқа салып отырады.*

Жуырда осы байқау қорытындыланып, университеттің «Парасат» кәсіподағының төрайымы М.Т. Мұқашева еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігін сақтаудың биылғы жылы жеңімпаздарын марапаттады.

Байқау қорытындысында төмендегідей жеңімпаздар анықталды: жатақхана меңгерушілері арасынан: 1-орынды № 6 жатақхана меңгерушісі К.К. Дюсупова, 2-орынды № 10 жатақхана меңгерушісі Ж. Бекмухамбетова, 3-орынды № 18 жатақхана меңгерушісі Ж.К. Траисбекова; оқу корпус-тары коменданттарының арасынан: 1-орынды № 6 оқу корпусының коменданты Г.П. Шипулина, 2-орынды № 8 оқу корпусының коменданты

Р.Қудайбергенова; химия факультетінің құрылымдық бөлімшелерінен: 1-орынды аналитикалық химия және сирек элементтер химиясы кафедрасының жетекшісі маманы Н.П. Сапаркина, 2-орынды органикалық химия және табиғи қосылыстар химиясы кафедрасының жетекшісі маманы Ю.А. Литвиненко, 3-орынды бейорганикалық химия кафедрасынан Г.В. Таранина, биология факультетінің құрылымдық бөлімшелерінен: 1-орынды микробиология кафедрасынан 1-дәрежелі маман А.К. Ильяшева, 2-орынды адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика кафедрасынан доцент А.А. Маутенбаев, 3-орынды зоология мен

гистология кафедрасынан жетекшісі маман Р.Б. Каупенбаева; география факультетінің құрылымдық бөлімшелерінен: 1-орынды метеорология кафедрасынан лаборатория меңгерушісі Т.П. Шишкина, 2-орынды компьютерлік класс маманы З.П. Парзу; физика факультетінің құрылымдық бөлімшелерінен: 1-орынды ядролық физика кафедрасынан Л.В. Быковская, 2-орынды оптика және плазма физикасы кафедрасынан 1 дәрежелі маман Л.Т. Мұрат, 3-орынды электроника және бейсызық толқындық үдерістер кафедрасынан Б.Т. Кемербаева; гуманитарлық факультеттің құрылымдық бөлімшелерінен: 1-орынды экономика және бизнес факультетінің компьютерлік класының маманы С.М. Төрқұлова, 2-орынды табиғи ресурстар және экологиялық құқық кафедрасынан Г.К. Шуланбекова, 3-орынды экономика және бизнес факультетінің менеджмент және бизнес кафедрасының аға оқытушысы К.Б. Тулешев иеленді.

Загира ТҮТЕЛБАЕВА

Шахмат олимпиадасы





■ Университет тарихы

# Философия және саясат жолы

**1934 жылдан бері ҚазҰУ тарихы жылдан жылға толысып, факультет ішілік өзгертулер мен толықтырулар орын алып, жаңарып, жасарып отырды. Осы орайда бүгінгі айдарымыз философия және саясаттану факультеті туралы сыр шертеді.**

Философия факультетінің тарихы 1947 жылдан бастау алады. 1949 жылы психология және логика кафедрасы болып құрылып, 1951 жылы бір ғана философия-экономика факультеті болып бекітілді. Біршама үзілістен кейін, яғни 1968 жылы философия-экономика факультетінің ашылуы болды. Ал 1971-72 жылдары факультетте философия тарихы, мәдениеттану, философия және әлеуметтік-ғылым методологиясы, жалпы психология, этнопсихология және педагогикалық психология, дінтану, педагогика және психология секілді кафедраларымен өзіндік үйлесім тапты. Факультет студенттері қарамағында осы мамандықтар бойынша магистрант, аспирант, докторант, Phd докторантурасы сияқты білімін жетілдіруге мүмкіндік толығымен қамтылған. Факультет деканы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Зарема Каукенқызы Шаукенова. Қазірде факультет 8

мамандық бойынша маман даярлайды. 36 ғылым докторы, 77 ғылым кандидаты, 1 академик, 3 қызметкер, "ҚР еңбек сіңірген қайраткері" еңбегі арқылы факультет өмірімен тығыз байланыс орнатып келеді. Профессорлық-оқыту жүйесі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың барлық факультеттеріне білім кеңістігін айқара ашып берді. Әсіресе Қырғызстан, Ресей, Польша, АҚШ, Ұлыбритания, Иран, Қытай мемлекеттерімен мамандық курстары бойынша жоғары білімді оқыту жүйесін енгізген. Факультеттің авторлық ұжымы мәдениет сөздіктерін, қазақ философиясының тарихын, философия және ғылым методологиясын, әлеуметтану, психология сынды оқу құрадарын көптеген тиражбен қазақ және орыс тілдерінде шығарып келеді. ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай 2001 жылы 15 желтоқсанда өткен республикалық кітап конкурсында Т.Х.Ғабитов, А.Т.Құлсариевалардың авторлығымен жарық көрген

"Мәдениеттану" оқулығы "Онжылдық кітап" деген номинацияны иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды.

Оқудаң тыс уақыттарда факультет ішінде ғылыми-әдістемелік семинар, жас ғалымдар кеңесі, "Тікір-сайыс" клубы, психо-аналитиктер клубы, М.Борейскийдің киноклубы студенттер уақытына сай қызмет атқарады. Факультет өмірімен тығыз байланыста болған ұстаздар қауымы К.Х.Рахматуллин, А.Х.Қасымжанов, Н.С.Сарсенбаев, А.В.Соловьев, М.С.Аженов, К.У.Биекенов, И.И.Байзақов, М.Ш. Хасанов, Қ.Б.Жарықбаев, М.Ф.Пузиков, Л.А.Байдельдинов, С.Т.Темірбеков, Ж.А.Алтаев, Т.Х.Ғабитов, Ғ.Есім, Ж.Ж.Молдабеков, Н.Ж.Байтенова, С.М.Жақыпов, Б.Ғ.Нұржанов болып тізбектеле береді. Факультет жетістіктеріне келсек, аталған 8 мамандық бойынша жалпыға білім беру мемлекеттік стандарттарын ұтып алған. Мәдени сала бойынша университетте өтетін "Менің Қазақстаным" фестивалінің "Мәдени мұра" бағдарламасы арқылы жүлдегер атанған.

(жалғасы келесі санда)

■ ҚазҰУ қыраны



## ҚУАНЫШ НҮРДАНБЕКҰЛЫ

Туған жылы:

22 тамыз, 1986 жыл

Туған жері:

Алматы облысы, Райымбек (бұрынғы Кеген) ауданы, Жылысай ауылы.

Білімі:

1993 – 2004 жылдары М.Орманов орта мектебінде оқып, бітірген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 4-курс студенті.

Жетістіктері:

**2002 ж.** Аудандық кіші ғылыми конференцияның жүлдегері  
**2004 ж.** Журналистика факультеті студенттері арасындағы жыр мүшәйрасының бас жүлдегері  
**2006 ж.** Қайнар университетінде өткен республикалық жас ақындар мүшәйрасының дипломанты.  
**2006 ж.** Қазақ Радиосы «Шалқар» ұлттық арнасында желтоқсанның 20 жылдығына орай ұйымдастырылған «ЖЕЛТОҚСАН ЖҮРЕГІМДЕ» атты жас ақындардың Республикалық радио мүшәйрасында бірінші орын алған.  
**2007 ж.** «Ұлттық журналистік зертеу орталығы» қоғамдық қоры ұйымдастырған студент жастар арасында өткен «Ұлттық ойын – құндылығым, ұлттық спорт - ұлылығым» атты жазба ақындар мүшәйрасының жеңімпазы.  
**2008 ж.** Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Түркістан қаласының, Отырар ауданының «Құрметті азаматы» ақын Қаныбек Сарыбаевтың 70 жылдығына орай ұйымдастырылған Республикалық жыр мүшәйрасында Өмірбай Сәуірбаев атындағы сыйлықты жеңіп алған.

Отбасылық жағдайы:

Үйленбеген

Қызығушылығы:

Кітап, газет – журнал оқу, футбол, волейбол ойнау.

Алдағы жоспары:

«Ақын болу міндет емес, азамат болу – парызын» деген қанатты сөздің міндетін өтеу. Ұлттық журналистиканың дамуына үлес қосу.

■ ҚазҰУ қызғалдағы

■ Фотозәтюд

Арқаңа әсем төгілген шашың,  
Сомдалған зерлі асылдан жырың.  
Таусылмас сырғың, ашылған қырың,  
Көзіме оптай басылған нұрың.

Мінезі жібек, сәулетің алтын,  
Қуанған көріп әулетің, халқың.  
Биікке таллың, өзгермей қалпың,  
Халқыңның сақтап, әдетің, салтың.  
**Нұртас ИСАБАЕВ.**



Жанат  
КАСЫМБЕКОВА,  
Журналистика факультеті ІІ курс

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ – ректор;  
 Н.ОМАШҰЛЫ – проректор;  
 Б.Ө.ЖАҚЫП – декан;  
 М.Т.МҰҚАШЕВА – “Парасат” кәсіподағының төрайымы;  
 Е.Н.СИДОРЕНКО – ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы  
 Ғ.СЕРІМ – студенттердің “Сұңқар” кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;  
 Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;  
 Бөлім меңгерушілері – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәли ҚЫДЫРОВ;  
 Кезекші редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Жанат ҚАСЫМБЕКОВА  
 Көркемдеуші - беттеуші - Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;  
 Фототілші – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме.  
 Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.  
 Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1600 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс 485

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.